

***ИСЛАМ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ҚОРЛАРЫ ЖӘНЕ БАНКТІК ЕМЕС
МЕКЕМЕЛЕР***

*Орындаған: Төлепова Нұргүл
қаржы 12.702*

■ **Ислам инвестициялық қорларының ерекшеліктері**

- Ислам инвестициялық қорлары – ол компания активіндегі үлеске ие болуда, оның кірісі мен шығынына қатысушылардың құқықтары тең болатын тәуелсіз инвестициялық компаниялар.
- Инвестициялық қорлар қызметінің негізгі мақсаты – қаржыны жинау және инвестиция портфелін басқару болып табылады.
- Исламдық инвестициялық қорлардың бірнеше түрлері бар: акционерлік капитал қоры, тауарлық қорлар, Иджара қорлары, Мурабаха қорлары, сондай-ақ аралас қорлар.

- Исламдық инвестициялық қорлардың негізгі ерекшеліктері болып, кез келген басқа исламдық финанс институттары сияқты, негізгі Шариат қағидаларына сәйкестігі болып табылады.
- Сонымен қатар айта кету керек, исламдық инвестициялық қорлар өз қызметтерін исламдық финанс инструменттерін (мурабаха, иджара, мушарака және т.б.) пайдалана отырып, жүзеге асырады
- Осылардың ішінде ең көп тарағаны исламдық акционерлік капитал қорлары, оның жинақталған активі барлық исламдық инвестициялық қорлардың 50%-нан көп бөлігін алады.

- **Қазақстандағы исламдық инвестициялық қорлар**
- Қазақстан Республикасының «Инвестициялық қорлар туралы» Заңына енгізілген өзгертулер елімізде исламдық инвестициялық қорларының құрылуына мүмкіндік береді.
- «Fattah finance» АҚ (Шариат нормаларына сәйкес финанстық қызмет көрсететін алғашқы брокерлік компания) AmanahRayu малайзиялық мемлекеттік компаниясымен бірлесе отырып, исламдық инвестициялық Қазақстан Қажылық Қорын құрды.

Қажылық Қор — Қажылық немесе Умру жасағысы келетін халықтың ақша жинақтарын инвестициялауға бағытталған Шариат қағидалары бойынша жұмыс жасайтын инвестициялық қор. Сонымен қатар, банк депозиттеріне балама іздейтіндердің барлығы осы қор қызметіне жүгінуге болады. Қазақстан Республикасында 2011 жылы жаңа исламдық финанс инструменті қызмет ете бастады – Қазақстан мұсылмандары Рухани басқармасының Зекет қоры (лицензиясыз), ол зекет пен қайырымдылық қаражаттарын жинайтын орталық болып табылады. Қазақстанда зекет қорына ақша салу ерікті болып саналады. Зекет қорының тұжырымдамасы ислам экономикалық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын Вакф моделіне негізделген.

- Қазақстанда зекет қорына ақша салу ерікті болып саналады. Зекет қорының тұжырымдамасы ислам экономикалық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын Вакф моделіне негізделген.
- Зекет қоры халықтың бос жүрген ресурстарын жинақтайды және исламдық қаражаттандыру қағидаларына сәйкес оларды жиналуын қамтамасыз етеді.
- Вакф инструментінің мәні болып, құрбандыққа деп берілетін мүлікті халық ризығы (мұсылмандар үшін де, мұсылман еместер үшін де) мен мемлекет үшін оларды коммерциялық мақсатта қолдану үшін арнайы қорларға тарту және жинақтау.

■ **Исламдық лизингтік мекемелер**

- Лизинг – ол қандай да болмасын активті пайдалануға, жалға беру. Мекеменің пайдасы болып жалға төленетін төлемдер саналады. Сонымен, иджар барысында тауар/қызмет сауда нысаны болып табылатын сауда шарты емес, нысанды белгілі бір уақытқа пайдалану құқығын сату жүргізіледі.
- Финанстік лизингке рұқсат беру үшін бірнеше шарттар бар, олардың ішінде ең бастысы болып жалға беру кезінде нысанды финанстық құрылым өз меншігі ретінде қолдана алады. Әдетте, затты созылмалы уақытқа банк арқылы алу (мысалы, автомобильді) юанктен пайыздық несие алу арқылы жүзеге асырылады, ал исламда оған тыйм салынатыны табиғи нәрсе.

- Екіншіден, бұл автомобиль банктің жекеменшігі болып саналмайды, ол сатып алушының жекеменшігі болып табылады. Яғни, бұл автомобиль финанс мекемесінің бухгалтерлік балансына қойылмайды, ол тек несие ретінде берілген актив болып тіркеледі. Сонымен қатар бұл автомобиль, немесе басқа жылжымайтын мүлік несие кепілдігі болып саналып, тіркеледі. Исламдық микрофинанстық мекемелер Жуық шамамен алғанда көптеген мұсылман мемлекеттерінде халықтың 72% ресми қаражаттандыру институттарының қызметіне жүгінбейді.

- 2013 жылдың Хонохон зерттеулері бойынша, Ислам даму банкінің 56 мүше-мемлекеттеріндегі үлкен жастағы халықтың 28% ғана ресми финанс институттарын тек депозиттік есеп немесе заем үшін делдалдар ретінде пайдаланады. Бұл санның ішіне мұсылман дініне жатпайтын, бірақ осы елдерде тұратын халық та кірген. Тіпті финанстық қызмет бола тұра, кейбір адамдар стандарттық өнімді Шариат стандартына сай емес деп санайды. Исламдық микро қаражаттандыру екі тез өсіп келе жатқан индустриялардың: микро қаражаттандыру және исламдық қаражаттандыру қосындысы болып табылады.

- Бүгінгі күні исламдық қаражаттандыру өнімдерінің жалпы бағасы 2014 жылдың зерттеулері бойынша АҚШ-тың 500,5 млрд.долл. құрайды, ал исламдық финанс индустриясының 100 ірі банктері стандартты қаражат серіктестерін 19,3% жоғары деңгейде озып келе жатқанын және өздерінің жылдық активінің өсімі 26,7%-ға тең деп жариялады. Зерттеулер мен басқа да бар көрсеткіштерді синтездеу арқылы ислам микро қаражаттандырудың дүниежүзі бойынша тек 380 мың клиентке қызмет көрсететіні анықталды және микро қаражаттандыру қызметін пайдаланатындардың жалпы санының бір пайызының жартысын ғана алатыны анықталды.

- Исламдық микро қаражаттандыру қызметі тек бірнеше елде ғана шоғырланып, ұйымдастырылған, тек үш ел ғана (Индонезия, Бангладеш пен Афганистан) әлемдік қамтудың 80% қамтиды. Соған қарамастан, исламдық микро қаражаттандыруға сұраныс өте көп. Мысалы, Иордания, Алжир мен Сириядағы зерттеулер, 20-40% респонденттер діни себептерге байланысты стандарттық микро қарыздар алмайтынын анықтады. Исламдық микро қаражаттандыру жалпы Шариат стандартына негізделген қаражаттандыру жүйесіне жатады. Шариаттың финанс стандарттары адал емес немесе қанаушылық болып саналатын әрекеттерге тыйым сала отырып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуды қамтамасыз ет қағидаларын басшылыққа алады

Екінші жағынан, дүние жүзінде исламдық қаражаттандыру соңғы жылдары ең жылдам өсіп келе жатқан құбылыс болып табылады, жылына 15-20% өсу жылдамдығын көрсетіп отыр. Ислам банкингі әлемнің 400 финанс институтымен байланыста, және оның жылдық айналымы АҚШ-тың 750 млрд.долл. тең. Standard&Poor's рейтингілік агенттігінің бағалауы бойынша, ол жеті еселік даму мүмкіншілігіне ие – АҚШ-тың 4 трлн.долл. дейін. 2013 жылы исламдық финанс ұйымдарының активтері 1 трлн.долл. жетеді деп күтілуде. Төменде берілген келісімшарттар исламдық микро қаражаттандырудың кеңінен тараған формалары болып табылады. Олардың әрқайсысы жеке-жеке де, сондай-ақ басқа келісімшарттармен бірлесе отырып та, сонымен, гибридті инструмент құрай отырып та операциялар жүргізе алады.